

ӨОЖ 316.285

М. Сеңгірбай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: Mukhtar.zh@gmail.com

Этносаралық конфликтілерді ерте ескерту жүйесінің даму тенденциялары

Мақалада этносаралық конфликтілердің алдын алудың жаңа теориялық және практикалық әдістері талданады. Автор Батыс мемлекеттері мен халықаралық ұйымдардың бастамасымен қолға алынған конфликтілерді ерте ескерту және ерте әрекет ету теориясына талдау жасап, оның жалпы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін сипаттайды.

Түйін сөздер: этносаралық конфликт, ерте ескерту, ерте әрекет ету, конфликтінің алдын алу.

M. Senggirbay

Development tendencies of the ethnic conflict early warning system

The article reviews the new methods in the theory and practice of preventing ethnic conflicts. The author analyzes early warning and early response systems to the conflicts and their role in ensuring the stability and security in the society.

Key words: ethnic conflict, early warning, early response, conflict prevention.

М. Сенгирбай

Тенденции развития системы раннего предупреждения этнических конфликтов

В статье рассматриваются новые теоретические и практические методы предотвращения межэтнических конфликтов. Автор анализирует теории раннего предупреждения и раннего реагирования на конфликты и их роль в обеспечении стабильности и безопасности в обществе.

Ключевые слова: этнические конфликты, раннее предупреждение, раннее реагирование, предотвращение конфликтов.

«Конфликт, оның ішінде этностық конфликт – қашып құтыла алмайтын құбылыс емес, демек оның алдын алуға болады. Алайда, бұл тиісті шаралардың орындалуын қажет етеді. Мәселені ертерек шешу мақсатында конфликтінің ықтимал себептері анықталып, сарапталуы керек, оның үстіне қарулы қақтығысты болдырмау үшін нақты қадамдар жасалуы қажет. Ал егер алдын алу шараларына шиеленіскен конфликт кедергі келтірсе, онда кикілжінді бәсеңдету үшін ерте ескерту жүйесі уақытында жүзеге асуы керек», – деген еді ЕҚЫҰ-ның Ұлттық азшылықтар жөніндегі жоғары комиссары Макс ван дер Стул 1994 жылы.

Конфликтінің алдын алу теориясын ұсынушылар мұндай саяси жанжалдарды кәдімгі жол апатымен не ғимараттағы өртпен салыстырады. Жол апатына әкеліп соқтыратын факторлар

белгілі, айталық, көліктің техникалық ақауы жоқ болса, жүргізуші ережені бұзбаса және жолдың сапасы жақсы болса, апаттың ықтималдығы азаяды. Сол сияқты ғимараттарда өрт сөндіру ережелері дұрыс сақталса, ескерту, өртті өшіру құралдары жақсы жұмыс істеп тұрса, адамдар өз міндеттерін білсе, онда тұтанған жалынның алдын алуға болады. Этностық конфликтіде де жағдай осыған ұқсас. Сондықтан Еуропаның тарихын зерттеуші Норман Дейвис: «Тарихтағы қасіретті оқиғалардың барлығы жалпыға ортақ факторлар мен ерекше факторлардың тоғысуынан болған», – деген пікір айтқан [1].

1950-жылдардың аяғынан бастап Батыс ғалымдары саяси-әлеуметтік конфликтіні шешудің басты бөлігі ретінде оның алдын алу механизмдерін түпкілікті зерттей бастады. Ағылшын ғалымы Кеннет Боулдинг алғаш рет

ауа райын болжап отыратын метеостансалар сияқты конфликтілердің ықтималдығын болжайтын «мәлімет стансаларын» құру туралы бастама көтерді. 1974 жылы Синтия Керман «әлеуметтің температурасы мен қысымын, «жылы және суық ағыстардың» бағытын айқындап отыратын механизмдерді қалыптастыру жөнінде айтты.

Британ ғалымы, «Соғыстың себептері» деген еңбектің авторы Х.Суганами соғысты бастауға себепкер болатын үш алғышартты баса айтады. Біріншіден, бір топтың екінші топ мүшелерін өлтіруге мүмкіндігі болуы керек. Екіншіден, түрлі қауымдастық өкілдері бір-біріне қарсы қару қолданудың қажеттілігі туды деген ортақ тұжырымға келуі және мұны қоғам өкілдерінің талап етуі қажет. Үшіншіден, соғыстың алдын алатын тиімді халықаралық жүйенің болмауы. Осы үш қажетті компоненттің бірін алып тастаса, соғыстың алдын алуға болады. Демек, «қаруға жүгіну – заңды да табиғи әрекет» деп санайтын адам баласының сана-сезімін өзгертіп, соғыстың алдын алатын механизмдерді ойлап тапсақ, соғыссыз өмір сүруге болады.

М. Ландтың берген анықтамасына сәйкес конфликтінің алдын алу дегеніміз – «ел ішіндегі және мемлекетаралық қақтығыстар мен дау-дамайларды қантөгіске және қару қолдануға дейін ушықтырмау, конфликтіге қатысушы тараптардың кез келген дауды бейбіт жолмен шешу мүмкіндігін арттыру және дау-дамайға түрткі болған түпкі себептер мен мәселелерді мейлінше азайту мақсатында қолға алынатын құрылымдық немесе қолдаушылық әрекет» [2].

Соғыстың алдын алу – адамзатты бұрыннан толғандырып келе жатқан мәселе. Наполеон тізе бүккен соң Австрия астанасында 1814-15 жылдары өткен Вена конгресінде Еуропаның шекарасын қайта сызу тақырыбына қоса өзара кеңестер өткізу, бейтарап мемлекеттер мен демилитаризацияланған аймақтар құру және конфликтілердің алдын алу шаралары талқыға салынған. Конфликтінің алдын алу – БҰҰ Жарғысының басты идеясы. Оның VI және VII тараулары Қауіпсіздік кеңесіне, Бас хатшыға және Бас ассамблеяға дауларды бейбіт жолмен шешуге және соғыс пен басқа да қарулы қақтығыстардың алдын алу шараларын жүзеге асыруға өкілеттілік береді. Жарғының VI тарауында факт жинау, келіссөз өткізу, медиация, бітімгершілік, сот жолымен реттеу, төрелік ету сияқты конфликтінің алдын алу әдістері туралы айтылады. Қырғиқабақ соғыс тұсындағы

халықаралық қарым-қатынас көбіне соғыстың алдын алу ісіне бағытталды. Маршалл жоспары, НАТО-ның, Еуропадағы ортақ институттардың құрылуы басқа мақсаттармен қоса ықтимал соғыстарды болдырмау механизмдерін қалыптастыру мақсатын да көздеді.

«Конфликтінің алдын алу» ұғымына анықтама беріп, оның шет-шегін айқындауда концептуалдық тұрғыда бұрыннан келе жатқан пікірталас бар. Бірінші мәселе «Конфликтінің алдын алу тек оның бастапқы және эскалацияға дейінгі кезеңінде қолданылуы керек пе әлде ушыққан кикілжіңдер тұсында да бұл әдістерді қолдануға бола ма?» дегенге келіп саяды. А. Акерманның айтуынша, қазіргі уақытта ғалымдар алдын алу шаралары конфликтінің бастапқы кезеңдерінде қолданылады деген концептуалдық тұжырымды жақтап отыр, себебі оның басты міндеті – күш қолдануға жол бермеу [3].

Екінші мәселе: алдын алу шарасы конфликтінің тікелей себептеріне ғана бағытталуы керек пе, әлде оның терең түп-тамырына үңілуі керек пе? Теорияда конфликтінің алдын алудың жедел және құрылымдық алдын алу деген екі түрі бар [4].

Жедел алдын алу шарасы барысында кикілжіңнің түпкі себептеріне, шиеленіске алып келген алғышарттарға көп мән берілмейді. Мұндағы басты мақсат – басталып келе жатқан немесе бұрыннан баяу жүріп жатқан кикілжіңнің қарулы қақтығысқа айналып кетуіне жол бермеу. Мұнда дипломатиялық жолмен араласу, ұзақмерзімді миссиялар жіберу немесе жеке тұлғалардың арағайындық етуі сияқты әдістер қолданылуы мүмкін.

Ал құрылымдық алдын алу процесі кезінде конфликтінің түп-тамырына, себептері мен алғышарттарына, тараптардың мүдделеріне және тарихи, мәдени контекстіге мән беріліп, солардың негізінде алдын алу механизмдері қарастырылады. Құрылымдық алдын алу әдісі ұзақ мерзім ішінде жүзеге асады және онда басқару әдістерін жетілдіру, адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету, экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыру, азаматтық қоғам құруға ат салысу сияқты шаралар қолға алынады [5].

Ерте ескерту жүйесі – конфликт ықтималдығына қатысты жария ақпаратты тұрақты әрі ұйымдасқан түрде жинап, сараптаумен айналысатын арнайы ғылыми,

элеуметтанушылық механизмдер жиынтығы. Ол сандық және сапалық саралау әдістеріне сүйене отырып ерте ескерту өнімдерін шығарады, бұл тұжырым ерте әрекет ету шараларына түрткі болады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (Organization for Economic Cooperation and Development – OECD) зерттеулеріне қарағанда, ерте ескерту жүйелері тақырыбы, қаржыландыру көзі, қолданылатын әдістемесі, ж.т.б. мәселелер тұрғысынан әртүрлі болып келеді. Мұндай жүйелерді үкіметтік деңгейде қаржыландырып, ұстап отырған мемлекеттер жоқтың қасы. Мемлекеттер көбіне конфликтінің ықтималдығы туралы ақпаратты барлау қызметінің мағлұматтарынан, дипломатиялық миссиялардың деректерінен және үкіметаралық, қоғамдық ұйымдардың жарияланымдарынан алып отырады. Ал, ерте ескерту жүйесін мемлекеттік деңгейде институттап, пайдаланып отырған елдер қатарына АҚШ, Франция және Германия жатады. Бұл жүйелер кейде мемлекеттің барлау қызметімен бірлесіп жұмыс істесе, кей кездері олардан тыс әрекет етеді [6].

Үкіметтік ерте ескерту жүйелерінің мақсаты – ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жайттарды анықтау және оларға баға беру, сол арқылы мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік саясатын қалыптастыру бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға жәрдемдесу. Ол үшін бұл жүйелер институтталуы қажет және олардың айқын әдіснамалары болуы керек. Францияның ерте ескерту жүйесі Ұлттық қауіпсіздік хатшылығының құрамына кірсе, АҚШ-тың мұндай жүйесі Мемлекеттік департаменттің Қайта құру және тұрақтылықты үйлестіру кеңсесіне, сондай-ақ Ұлттық барлау кеңесіне бағынады. Франциядағы ерте ескерту жүйесі көбіне сапалық әдісті пайдаланып, басты индикаторлар бойынша ай сайын мәлімет беріп отырады. Ал АҚШ-тың жүйесі көбіне сандық зерттеу әдісін пайдаланып ақпарат жинайды. Бұлардың екеуі де жария ақпаратпен қоса барлау мәліметтерін де пайдаланады.

Ал Германияның ерте ескерту жүйесі көмекті қажет ететін сырт елдердегі жағдайды зерттеуге бағытталған және ол Экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігіне бағынышты. Бұл мекеме сапалық сауалнама әдісін пайдалана отырып, белгілі бір индикаторлар бойынша мәлімет жинайды және сапалық балл қою жүйесін де пайдаланады. Германияның

Ғаламдық зерттеулер институты жыл сайын үкіметтің атынан осындай элеуметтік зерттеулер жүргізіп отырады. Экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігі сараптама нәтижелерін қарап, соған сәйкес жыл сайынғы басымдықтарын анықтайды. Үкіметтік ерте ескерту жүйелері биліктегі шешім қабылдаушы органдардың пайдалануына қажетті ақпарат жинайды және бұл ақпарат көпшілікке жарияланбауы да мүмкін. Мемлекеттік ерте ескерту жүйесінің артықшылықтары – үкімет органдарының болашақты болжай алуына, сөйтіп шешім қабылдауда батыл әрекет етуіне мүмкіндік береді. Мұндай жүйе, сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламаларды қабылдауда да көмектеседі.

Үкіметтік емес ерте ескерту ұйымдарының бір тобы тек тиісті мағлұматты жинап, сараптаумен айналысса, енді бір тобы сонымен бірге шешім қабылдаушы органдарға түрлі ұсыныстар айтуға, енді бірі адвокатпен айналысуға немесе әрекет ету шараларына өздері араласуға қабілетті. Бұл ұйымдар сандық және сапалық анализ әдістерін қатар қолданады және тек жария ақпаратқа сүйенеді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы сарапшыларының тұжырымы бойынша, қазіргі уақытта көптеген үкіметтерде, халықаралық ұйымдарда және қоғамдық ұйымдарда ерте ескерту жүйесі жұмыс істейді. Олар қауіп туралы ескертуден бастап оған қарсы әрекетке жұмылдыру, шешім қабылдауға негіз болатын мәліметтер жинау, әрекет ету механизмдерін жүзеге асыру сияқты түрлі міндеттерді атқарады. Ерте ескерту жүйелері шұғыл шешім қабылдауға түрткі болатындай болжамдар жасауға, эксперттік сараптама тәсілі арқылы әр елге жүйелі түрде шолу жасап отыруға, үкіметтердің және ұйымдардың басымдықтарды анықтауына жәрдемдесуге, сондай-ақ басқа да шешім қабылдаушы ұйымдармен жұмыла отырып бірлесе әрекет ету стратегияларын қабылдауға қабілетті болуы керек. Дегенмен, тіпті дамыған өркениетті елдердің өздерінде ерте ескерту жүйесіне қаржылық қолдау мардымсыз. Соның кесірінен ерте ескерту мекемелерінің арасында шынайы жағдайдан алшақ тұжырымдар жасау, сапасыз сараптама әзірлеу, жаңсақ кеңестер беру фактілері көптеп кездеседі. Бұл ерте ескерту жүйесіне деген жалпы сенімді азайтады әрі конфликтілердің ушығуына алып келіп жатады.

Болашақта ерте ескерту және ерте әрекет

ету жүйелері түрлі сынақтарға төтеп беріп, қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістерге қарсы тұра алатындай күшке айналуы керек. Ғаламдық жылырудың кесірінен болатын ресурстар үшін күрес, Ауғанстан мен Ирактағы соғыстардың салдары, террорға қарсы күрес және конфликтіге қылмыстық элементтердің көптеп араласуы бұл жүйелердің дұрыс жұмыс істеуіне қатер төндіруі ықтимал.

Үкіметтік емес ұйымдар ерте әрекет ету ба-рысында екі түрлі міндет атқарады. Біріншіден, әрекет етуге қатысты ұстанымды анықтау жөнінде дөңгелек үстелдер өткізеді немесе жергілікті деңгейде өз бетімен әрекет етуге кіріседі. 2001 жылы бірнеше халықаралық ұйымдар ЕҚЫҰ Конфликтінің алдын алу орталығымен бірлесіп мемлекеттік және қоғамдық секторлар арасында ерте әрекет етудің стратегиясын айқындауға байланысты дөңгелек үстелдер өткізді. Бұл процесс алдымен Грузияның Джавахети аймағында ұйымдастырылады да кейін жалпы Солтүстік Кавказ аймағын қамтиды. Осы кездесулерде қабылданған шешімдер конфликтілердің алдын алу жөніндегі басқа ұйымдарға негіз болады.

Еуроодақтағы этносаралық конфликтілердің алдын алу теориясы мен тәжірибесін зерттеген ғалым Э.Стюарттың айтуынша, қырғиқабақ соғыстан кейінгі кезеңде конфликтілер көбіне мемлекеттер арасында емес, мемлекеттердің өз ішінде тұтанып отырған. Этносына, дініне не ұлтына байланысты репрессиялық әрекеттер кикілжіндердің туындауына себепкер болған. Сондықтан, ерте ескерту жүйесі ең алдымен әр елдің өз ішіндегі конфликт индикаторларына – ішкі саяси, экономикалық және

әлеуметтік жағдайға бағытталуы керек [7]. Яғни, халықаралық ұйымдар мемлекеттердің ішіндегі ахуалға бақылау жасауға қауқарсыз болғандықтан, әр ел өз ішіндегі өзгерістерді өз бетімен қадағалап, ушығуы мүмкін деген конфликтілерді ерте байқап отырса ғана бұл жүйе тиімді жұмыс істейді. Мұнда ақпараттың еркін таралуы аса маңызды рөл атқарады, ақпарат құралдарының еркіндігі ушығуы мүмкін дауды күні бұрын байқап, тиісті саяси шешімдерді алдын ала қабылдауға мүмкіндік береді әрі мұндай жағдайда жоспар жасап, шұғыл құтқару әрекеттерін қолға алуға уақыт болады.

Халықаралық саясатта жаңа ұсынылатын нормалар жалпыға ортақ ұстанымдарға айналардан бұрын үш түрлі кезеңнен өтеді. Бірінші – түсіндіру және үгіттеу, екінші – қабылдау және институттау, үшінші – халықаралық деңгейде мақұлдау. А.Акерманның айтуынша, конфликтінің алдын алу нормасы қазір бірінші кезеңді бастан кешіріп, екінші кезеңге қарай қадам басып келеді. БҰҰ-ның Македонияға превентивті әскер кіргізуі және одан кейінгі эскалацияны болдырмаудағы әрекеттері халықаралық қауымдастық тарапынан біраз қолдауға ие болды, демек, бұл нормаларды көпшіліктің қабылдауы жолында бір қадам жасалды.

Конфликтілердің алдын алудағы ерте ескерту жүйесінің рөлі орасан зор. Әлемдік тәжірибе бұл жүйенің тиімділігін және қажеттілігін дәлелдеді. Сондықтан, оның озық үлгілерін Қазақстанда да пайдаланудың теориялық және әдіснамалық негіздері жасалуы керек.

References

- 1 Davies N. Europe: A history. – Oxford: Oxford University Press, 1996. – P. 896.
- 2 Lund Michael. Preventing violent intrastate conflicts: Learning Lessons from Experience. – Van Tongeren: van de Veen & Verhoeven, 2002. – P.99.
- 3 Ackerman Alice. The idea and practice of conflict prevention // Journal of Peace Research. – 2003. – Vol.40, No.3. – P.339.
- 4 Miall H., Ramsbotham O., Woodhouse T. Contemporary conflict resolution: the prevention, management and transformation of deadly conflicts. – Washington: Polity press, 1999. – P.97.
- 5 Annan Kofi. Toward a culture of prevention: Statements by the Secretary-General of the United Nations. – New York: Carnegie Commission on Preventing Deadly Conflicts, 1999.
- 6 Preventing Violence, War and State Collapse The future of conflict early warning and response. – Paris: OECD Publishing, 2009. – P.48
- 7 Stewart Emma. The EU and conflict prevention. – Berlin: Lit-Verlag, 2006. – P.115.